

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**,
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»**,
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

В Беларуси практически все банки участвуют в экологических программах в рамках корпоративной социальной ответственности. ОАО «Банк развития» Республики Беларусь финансирует экологические проекты по двухуровневой схеме через систему коммерческих банков по льготной ставке: половина ставки рефинансирования Национального банка, увеличенной на 3 п.п. А ОАО "Белинвестбанк" представил новую концепцию трансформации бренда в ЭкоБанк, реализация которой началась в 2021 году.

Белинвестбанк планирует выпустить зеленые облигации, чтобы привлечь средства в проекты, связанные с возобновляемой энергией, повышением энергоэффективности, экологически чистым транспортом и низкоуглеродной экономикой. Банк профинансировал строительство фотоэлектрической станции в Костюковичском районе, мини-ГЭС в Слонимском районе, ветропарка в Витебской области. Белинвестбанк, единственный среди кредитно-финансовых институтов, входит в состав координационного совета проекта «Устранение барьеров для развития ветроэнергетики в Беларуси» ([3]). План преобразования организации в ЭкоБанк рассчитан на 7 лет.

Заключение. Банки могут внести значимый вклад в восстановление экологического баланса и сохранение пригодных для жизни условий для будущего поколения с помощью зеленых банковских услуг. Осуществление мер по защите окружающей среды, забота о высоком качестве жизни и сохранение природы являются основными целями, ради которых финансовые учреждения внедряют стратегии зеленого банкинга.

Новая концепция эcobанкинга является необходимым условием для достижения устойчивого экономического роста. Странам Евразийского экономического союза целесообразно объединить усилия по внедрению концепции зеленого банкинга на финансовом рынке и разработать экологические стандарты с учетом передового зарубежного опыта. Важно использовать основные принципы функционирования эcobанков, активно применять и рекламировать новые банковские продукты (зеленые карты, зеленую ипотеку, зеленые кредиты и сберегательные счета и т.д.), внедрять экологические направления развития банковского бизнеса, поддерживать национальные экологические инициативы.

Литература:

1. Jarin A., Rahat M., Kashem M. Eco-Banking Strategies for Competitive Advantages // European Journal of Business and Management - Vol.6, No.3, 2014. - pp.84 -91.
2. What Is Green Banking: Ways and Practices of Green Banking [Electronic resource] – Mode of access: <https://www.ecomasteryproject.com/green-banking>. – Date of access: 10.05.2022.
3. Белинвестбанк планирует выпустить зеленые облигации [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.ecomasteryproject.com/green-banking>. – Дата доступа: 10.05.2022.

FTAMP 336.051

ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЕСИЕЛЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Рахимжанова К.К.

*э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru*

Айтказина А.А.

*э.ғ.м., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аннотация. Банк секторының тұрақтылығына кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі – проблемалық несиелер. Осы проблемалық несиелер банктердің, сонымен қатар жалпы экономиканың дамуының өтімділігін төмендетіп отыр. Проблемалы несиелер – бұл қарызды

қайтармау немесе қайтару ықтималдылығы төмен несиелер. Сондықтан, банк несиесі бергеннен кейін, несиесі бойынша шығындардың болмауына шаралар қолдануы керек. Проблемалық несиелерді басқару – банктік тәжірибеде ең маңызды аспектілердің бірі.

Кілт сөздер: банк, несиесі, проблемалық несиелер, шығын, дефолт, қарыз, тәуекел, басқару

Түйінді сөздер. Түйін сөздер: банк, несиесі, ұлттық банк, несиелік қоржын, пайыз, проблемалық несиесі, банк секторы, провизия, тәуекел, проблемалық активтер қоры, облигация, трансферттер

Зерттеу әдістері. Проблемалық несиелердің қазіргі жағдайы талданаған. Сонымен қатар коммерциялық банктердегі проблемалық несиелердің төмендету бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері ұсынылған.

Зерттеу мақсаты. Мақалада жалпы теориялық және сандық зерттеу әдістері қолданылды.

Кіріспе. Соңғы 30 жылдағы проблемалық несиелермен жұмыстың шетелдік тәжірибесіне жасалған зерттеудің аясында (1990-2020жж) екі тәсілдемеге тоқталдық – орталықтандырылған және орталықсыздандырылған. Біріншісінде несиелерді қайта құрылымдаудағы жетекші рөл проблемалық несиелерді сатып алу мен басқару үшін құрылған мемлекеттік агенттіктерге беріледі, ал екіншісінде – банктердің өздеріне жүктеледі.

Орталықтандырылған әдіс оқшау экономикалық және банктік дағдарыстар кезеңінде Болгарияда, Венгрияда, Чехияда, Мексикада, Кореяда, Филиппиндерде және т.б. елдерде қолданылды. Бұл елдерде үмітсіз несиелермен жұмыс жүргізетін арнайы агенттіктер құрылған болатын. Болгарияда – банктік консолидациялық компания, Венгрияда – Венгер капитал салу және даму банкі, Чехияда – консолидациялық банк, Мексикада – мемлекеттік транс-қор, Филиппиндерде – жекешелендіру активтері қоры. Проблемалық активтерді орталықтандырылған түрде қайта құрылымдау ісінің табыстылығы, практика көрсеткеніндей, уақытша және шектеулі болып шықты – осы елдердің ешқайсысында да проблемалық активтерді орталықтандырылған түрде қайта құрылымдау арқылы банктер мен борышкер-кәсіпорындарды қаржылық сауықтырудың тұрақты үрдісіне қол жеткізілген жоқ.

Швеция, Польша, Финляндия, Литва елдерінде жоғарыда аталған елдердегі сияқты проблемалық несиелерді орталықтандырылған түрде есептен шығару әдістемесі қолданылған жоқ, несиелік портфельдерді басқару және борышкер-кәсіпорындарды қайта құрылымдау міндеті банктердің өздеріне жүктелді. Банктерге күмәнді және үмітсіз санаттардағы несиелерді басқаруға мамандандырылған бөлімшелер құру және проблемалық портфельдерді қайта құрылымдау жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу ұсынылды. Бұл банктерді өз борышкерлерін мұқият іріктеп, несиесі саясатын барынша тиімдірек етіп құруға мәжбүр етті.

Халықаралық тәжірибенің негізінде біз, экономикалық дағдарыс жағдайларында проблемалық несиелерді басқарудың орталықсыздандырылған тәсілдемесі барынша тиімді деген қорытындыға келдік. Бұл пікір 90-шы жылдардағы жүйелік банктік дағдарыс кезеңінде Nordbanken швед банкіндегі проблемалық несиелердің қалай басқарылғанына, ағымдағы экономикалық дағдарыс кезеңіндегі Америка Құрама Штаттары мен Германиядағы проблемалық несиелерді басқару жұмыстарына, талдау жүргізу кезінде де расталды. TARP бағдарламасының пайдасына бірыңғай мемлекеттік «уытты» банк құру (АҚШ) және көптеген SPV компаниялар құру (Германия) идеяларын бас тартылғандығы орталықтандырылған әдістемеден бас тартып, орталықсыздандырылған әдістемеге басымдық берілгендігін білдіреді [1;10].

Ал, біздің елімізде «Проблемалық несиелер қоры» АҚ банк жүйесінде қарыз портфелінің сапасын жақсарту бойынша стратегиялық міндетті орындау мақсатында балансты «жұмыс істемейтін» қарыздардан «тазарту» үрдісінде банктерге жәрдемдесу үшін 2012 жылы құрылды. Проблемалық несиелер қоры Халықаралық Көпшілік Активтерді басқару компаниялар Форумының (International Public Asset Management Company Forum, IPAF) мүшесі болып табылады. IPAF – табысты стратегиялар және мағлұматтармен алмасу, сонымен қатар ынтымақтастық жөніндегі халықаралық платформа. IPAF Азия Даму Банкі, Вьетнамның Қаржы Министрлігі және Кореяның активтерді басқару жөніндегі корпорациясының

концепциясына сәйкес 7 азиаттық мемлекеттік активтері басқару жөніндегі компаниялардың бастамасымен ұйымдастырылды:

- China Cinda активтерді басқару жөніндегі компаниясы, Ltd. (Қытай Халық Республикасы);
- China Great Wall активтерді басқару жөніндегі корпорациясы (Қытай Халық Республикасы);
- China Huarong активтерді басқару жөніндегі компаниясы, Ltd. (Қытай Халық Республикасы);
- Кореяның активтерді басқару жөніндегі корпорациясы (КАМСО);
- Sukhumvit активтерді басқару жөніндегі компаниясы, Ltd. (Таиланд);
- Қарыздар мен активтерді сату жөніндегі корпорация (Вьетнам);
- Проблемалық кредиттер қоры (Қазақстан).

ІРАҒ жұмысын 2013 жылы бастады және Қорды қоса есептегенде 13 жұмыс істеп тұрған мүшесі бар. Жұмыс істеу барысында ІРАҒ 4 саммит және 6 оқыту семинарларын өткізді.

2018 жылы Қор мен Кореяның активтерін басқару бойынша корпорация (КАМСО) арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. КАМСО 1962 жылы Корея Даму Банкінің ведомстволық бағынышты ұйымы ретінде, оның проблемалық активтерін басқару мақсатында құрылды. Кейін, КАМСО қайта ұйымдастырылып, оған қаржы мекемелерінің жұмыс істемейтін несиелерін сатып алу және сауықтандыру бойынша құзыреті берілді[3].

Біздің пікіріміз бойынша, проблемалық несиелер портфелін басқару әдістемесі оның қолданылу мақсатын, оған негіз болған қағидаттарды, алға қойылған мақсаттарға жетуге көмектесетін технологияларды да қамтиды. Проблемалық несиелермен жұмыс істеудегі банктің басымдылыққа ие мақсаты несиелер алушының Банк алдындағы несиесінің барынша жылдам және толық өтелуі болып табылады. Бұл ретте банк несиелер алушыдан жүйелі түрде айыппұлдар, өсімақылар және басқа да тиісті төлемдерді өндіріп алу, кепілге қойылған мүліктерді сату арқылы жүйелі түрде табыс табу мақсатын көздемейді. Проблемалық несиелер портфелімен жұмыс жүргізудің әмбебап әдістемесін әзірлеу кезінде бірқатар қағидаттар ескерілуі тиіс. Біз мұндай әдістемені келесі қағидаттардың негізінде:

1) Жеделдік қағидаты – проблемалық несиенің қайтарылу ықтималдығы оның өтіп кеткен мерзіміне тікелей байланысты болады, яғни өтеу мерзімі қаншалықты ұзақ уақытқа кешіктірілсе, оның қайтарылу ықтималдығы да соншалықты төмен;

2) Өндіріп алуға жұмсалатын шығынды барынша азайту қағидаты – банк, немесе басқа да кез-келген ұйым шығындарды барынша азайтып, табысты барынша көбейтуге ұмтылады, тиісінше, өндіріп алу жұмыстарын жүргізуде шығындар барынша аз болуы тиіс;

3) Кешенді тәсілдеме қағидаты – проблемалық несиелермен жұмыс жүргізудің барлық мүмкін боларлық технологияларын қолдану ұсынылады;

4) Әмбебаптық қағидаты – әдістеменің қолданылуы несиелер бойынша өтеу мерзімінің ең алғашқы кешіктірілу сәтінен бастап оның банк балансынан шығарылып тасталғанына дейін жүзеге асырылады.



1 сурет – Несиенің проблемалылық жіктелімі

Проблемалық несиелер портфелімен жұмыс әдістемесі қандай да бір көптеген әдістерден тұрады. Бұл ретте олардың рөлін келесі технологиялар атқарады:

- Банктің ішкі қызметтерінің, яғни экономикалық қауіпсіздік қызметінің, несиелендіруші бөлімшенің, заң қызметінің жұмысы;

- Несие өтінішінің несиелік қабілетін талдау, өтеу ықтималдығына мониторинг жасау, проблемалық несиелік портфельге сегменттеу және онымен жұмыс жүргізудің технологиясын таңдап алу үшін қолданылатын несиелік скоринг;

- Коллекторлық агенттіктермен жұмыс, бұл жұмыс цессия тетігін де, қарызды өндіріп алу жөніндегі өз өкілеттерін сеніп жүктеуді де қамтиды;

- Проблемалық несиелер бойынша талап ету құқығын несиелік портфельдердің екінші нарығындағы 3-ші тұлғаларға сату;

- Несиелік тәуекелерді сақтандыру, бұл жұмыс операцияның өзін сақтандыруды да, сонымен қатар, несиеленушінің өмірін, денсаулығын сақтандыруды, несиеленуші бойынша қамтамасыз етуді сақтандыруды да қамтиды.

Проблемалық несиелерді қайтарып алу жөніндегі банктің ішкі қызметтерінің жұмысы проблемалық несиеленуші уақытында анықтауға негізделеді, сондықтан біз несиеленуші проблемалық екенінің әртүрлі белгілерін ұсындық және олардың жіктелімін әзірледік.



2 сурет – Проблемалық қарызды банктің күшімен өндіріп алу құралдары

Банктің ішкі қызметтері үшін біз creative-banking деп аталатын бірегей шетелдік тұжырымдаманы ұсындық. Ол банктің бизнесті дамыту үшін жауапкершілікті клиентпен бөлісуіне негізделеді. Несиеленушіні өндіріп алудың сот тәртібіндегі әдістерін қолданудың орнына банк қызметкерлері несиеленушінің бизнесін мұқият зерттейді, оның жұмысына көмек көрсетеді, арнайы іс-әрекеттер жоспарын әзірлейді

Банктің өз қызметтерінің жұмысын зерттеу кезінде біз проблемалық несиелерді өндіріп алудың негізгі құралдарын анықтадық және оларды тиімділік пен шығындылық тұрғысынан жіктелдік.

Біздің көзқарасымыз бойынша, несиелік скоринг технологиясы проблемалық несиелер портфелін басқарудың тиімді әдістемесін жасаудың іргетасы болып табылады[1;12-13].

Сонымен, проблемалық несиеленушіні басқару жүйесін құрудың аясында банк үш негізгі аспектіні бақылауда ұстауы тиіс: ұйымдастырушылық құрылым және жауапкершіліктің бөлінуі; проблемалық несиеленушіні басқару жүзеге асырылатын бірігушіліктің деңгейі; банкте туындаған проблемалық несиелерге қатысты қолданылуы мүмкін басқару әдістері. Осы аспектілер нақтыланғаннан кейін проблемалық несиелерді басқару жүйесі банктің ішкі құжаттарымен регламенттелуі тиіс. Зерттеу авторы бұл үшін «проблемалылық санатына сәйкес басқару әдістерінің матрицасын» қолдануды ұсынады. Өзара әрекеттестік үдерісін проблемалылық белгілерін ерте бастан анықтаудың тұрақты жұмыс істейтін жүйесін енгізуді

ескере отырып құру, ұсынылып отырған матрицаны пайдаланып әрбір проблемалық несиеге қатысты басқару стратегияларын әзірлеу ұсынылады.

Әдебиеттер:

1. Нурсибалиева А.К.,Өмір А.Ж. «Екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелері: ағымдық жағдайы, басқару мәселелері және оларды шешу бағыттары», Транзитная Экономика №4 (104)2015 17 бет

2. Лыкова Н.М. Развитие методов управления проблемными кредитами в коммерческом банке. Автореферат. Москва – 2013. С 14-15 [Электрон.ресурс\].http://www.dslib.net/search/\(дата_обращения: 21.03.2020\)](http://www.dslib.net/search/(дата_обращения:21.03.2020))

ӘОЖ 347.734

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЫН БАСҚАРУДЫҢ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Самархан Г. А.

студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: guliya.samarkhan23@gmail.com

Ғылыми жетекші: Жағыпарова А.О.,

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. Макроэкономикалық, оның ішінде пандемия мен геосаяси күйзелістердің пайда болуы банк секторының қаржылық тұрақтылығын бағалаудың сапалы құралдарын қолдану қажеттілігіне ерекше мән береді. Осы бағыт шеңберінде соңғы екі жылда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қадағалау үдерісіне AQR және қадағалау стресс-тестілеуін біріктіру арқылы құралдар жиынтығын кеңейту бойынша жұмыс жүргізді.

Әлемдік тәжірибеде стресс-тестілеу тәуекелдерді басқарудың маңызды құралы болып табылады, оны банктер тәуекелдерді басқарудың ішкі тәжірибесінің бөлігі ретінде де және бүкіл банк секторының ықтимал күйзелістерге төзімділігін бағалау үшін қадағалау органдары да пайдаланады.

Түйін сөздер: банк, стресс-тестілеу, AQR, SREP, ҚНРДА.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жұмысының негізгі басымдықтары қадағалау процесінің кешенді моделін құру арқылы банк секторының ашықтығын және оған деген сенімді арттыру, банктердің қаржылық тұрақтылығын бағалау болып табылады.